

ОҚИҒАЛЫҚ ТУРИЗМ ҚАРҚЫНЫ ҚАНДАЙ?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЕЗ ЕРКЕК ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

7-БЕТ | ҚОҒАМ



ШӘКӘРІМ ШАМШЫРАҒЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қоршаған ортаға жанашыр болу, оған үлкен жауапкершілікпен және шынайы қамқорлықпен қарау ұлттық идеологияның өзегі болуы керек. Тазалық мәдениетін қоғамда терең орнықтыру – өте маңызды міндет. Осы бағытта Үкімет экологиялық ағарту ісінің бірыңғай үлгісін енгізуге тиіс. Бұл жұмыс мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін барлық деңгейдегі білім мекемелерін қамтуы қажет.

№112
(4856)
Сейсенбі
23 қыркүйек
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

2 000
ТОННА ҚОҚЫС ЖИНАЛДЫ

12 000
АУЛА ТАЗАРТЫЛДЫ



5



ЕЛОРДАДА ЕТ БАҒАСЫ ҚАНША?

Ауыл шаруашылығы министрлігі ет өндірісінің өзіндік құны мен баға қалыптастыру тетігіне қатысты мәлімет берді.

Министрліктің дерегінше, республика бойынша 1 келі сиыр етінің орташа өзіндік құны 2800-3100 теңге аралығында. Көтерме саудадағы шамамен 15% үстемеақыны қосқанда, баға 1 кг үшін 3400-3500 теңге деңгейінде қалыптасып отыр. Министрлік хабарламасында Астана қаласындағы ет бағасы туралы да мәлімет берілді:

«Елордадағы сауда нүктелерінде ет жеткізу, сақтау және басқа да объективті шығындар ескеріле отырып сатылады. Соның нәтижесінде Астанада бөлшек саудадағы баға келісіне 3700-4300 теңгеге дейін жетеді. Ал қабырға-жауырын бөлігі әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тізіміне енгендіктен және бұл санатқа сауда үстемесі 15%-дан аспайтындықтан, келісі 3100-3400 теңге көлемінде сатылады».

Салыстырып қарасақ, Өзбекстан мен Тәжікстанда 1 келі сиыр еті – 6500 теңгеге дейін, Ресейде – 8500 теңгеге дейін, Қытайда – 8000 теңгеге дейін, Түрікменстанда – 9000 теңгеге дейін, ал Түркияда 13000 теңгеге дейін жетеді.

СЕНБІЛІККЕ 100 МЫҢ АДАМ ҚАТЫСТЫ

Астанада Дүниежүзілік тазалық күніне орай және «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық айлығы аясында өткен ауқымды жалпықалалық сенбілікке 100 мыңнан астам қала тұрғыны қатысты. Экологиялық сенбілік барысында шамамен 2 мың тонна қоқыс жиналды, 12 мыңға жуық аула тазартылды, 162 парк пен гүлзар қамтылды, 41 тарихи-мәдени мұра нысаны ретке келтірілді, сондай-ақ 3 мыңға жуық ағаш пен бұта отырғызылды.

«Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері арқылы астанада жүзеге асатын Joltap жобасы 2 жыл ішінде мыңдаған тұрғынға жаңа кәсіп игеруге көмектесті.

Қала әкімдігінің қолдауымен жүзеге асып жатқан қысқамерзімді курстар еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды тәжірибе арқылы үйретіп келеді. Бүгінге дейін мыңдаған астаналық жаңа мамандықтарды меңгеріп алған. «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде кез келген адамға жаңа мамандықты меңгеру, білікті арттыру және тұрақты табысты арттыру бойынша кеңес беріледі. Екі жыл ішінде қаладағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде 34 мыңнан астам адам кеңес алды. Ал 15 мыңнан астам азамат тегін оқудан өтті.

ТҰМАУДАН САҚТАНЫҢЫЗ!

Бас қала тұрғындарын маусымдық тұмау мен жедел респираторлық вирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау науқаны басталды. Ол үшін 145 мың доза вакцина сатып алынды деп хабарлады Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы.

15 қыркүйектен бастап, Үкімет қаулысына сәйкес, эпидемиологиялық көрсеткіш бойынша жұқтыру қаупі жоғары топтарға тұмауға қарсы екпе жүргізілуде. Жыл сайынғы вакцинация жүкті әйелдерге, 6 айдан 5 жасқа дейінгі балаларға, 65 жастан асқан азаматтарға, созылмалы аурулары бар адамдарға және медицина қызметкерлеріне ұсынылады. Екпе жұмысы алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының барлығында жүргізіледі. Тұмаудың алдын алудың ең тиімді жолы – вакцинация.



№112 (4856) 23/09/2025 Сейсенбі



УРАН ӨНДІРІСІНІҢ КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Нью-Йорк қаласындағы жұмыс сапары Cameco корпорациясының президенті Тим Гитцельмен кездесуден басталды. Жүздесуде уран өндіру саласындағы ынтымақтастық перспективасы талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев Cameco «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының бұрыннан келе жатқан сенімді серіктесі екенін атап өтті. Елімізде қызмет ете бастағаннан бері аталған компания 500 миллион доллардан астам инвестиция құйған әрі технологиялар трансфертіне ықпал еткен. Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан энергетиканы дамытудың жаңа кезеңіне өтіп, алдағы уақытта үш атом электр стансасын салуды көздеп отыр. Еліміз атом саласында қолданылатын инновациялық тәсілдерге қызығушылық танытады. Тим Гитцель Президентке «Инкай» бірлескен кәсіпорнының қазіргі қызметі мен жоспарлары жөнінде ақпарат берді. Бұл компания Түркістан облысында орналасқан кен орнын ширек ғасырдан бері игеріп келеді.

ЦИФРЛЫҚ ТҰҒЫРНАМАНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ТОҚТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Goldman Sachs Global Institute компаниясының жаһандық мәселелер бойынша президенті Джаред Коэнмен кездесті. Қазақстан Президенті американдық Goldman Sachs жетекші инвестициялық банкінің Қазақстан Ұлттық банкімен ұзақ мерзімді серіктестік орнатқанын атап өтіп, ықпалдастық деңгейіне жоғары баға берді. Мемлекет басшысының айтуынша, толық цифрлық мемлекетке айналуды көздейтін Қазақстан жасанды интеллект, қаржы экожүйесін цифрландыру салаларындағы ынтымақтастыққа қызығушылық танытады. Ал Джаред Коэн Goldman Sachs Digital Asset Platform цифрлық қаржы тұғырнамасының тәжірибесіне тоқталды.

ETS – ТЕСТІЛЕУ МЕН БАҒАЛАУ КӨШБАСШЫСЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Educational Testing Service (ETS) компаниясының президенті және бас атқарушы директоры Амит Севакты қабылдады. Әңгімелесу барысында Мемлекет басшысы ETS компаниясының білімді тестілеу мен бағалау саласында көш бастап келе жатқанына ерекше назар аударды. Президенттің айтуынша, Қазақстан компанияның білім беру жүйесіндегі тәжірибесін зерделеу мен пайдалануға қызығушылық танытады. Амит Севак Мемлекет басшысына компанияның халықаралық жұмыс жоспары туралы мәлімет берді. Ұйым жылына әлемнің 180 еліне 50 миллионнан аса тест әзірлейді әрі әкімшілендіреді, сондай-ақ ұлттық білім беру жүйесіне арналған бейіндік шешімдерді ұсынады.

СМИТСОН ИНСТИТУТЫ – ЕҢ ІРІ ҚҰРЫЛЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Смитсон институтының басшылығымен кездесті. Өз сөзінде Қазақстан Президенті Смитсон орталығының халық шығармашылығы және мәдени мұра арнайы жобалары жөніндегі директоры Халле Батвинге қазақ мәдениетін АҚШ-та белсенді түрде дәріптеп жүргені үшін алғыс айтты. Орталық жанынан құрылған Қазақстанның мәдени мұра қоры ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді насихаттаумен, сондай-ақ қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрі және рухани өмірін зерттеуге арналған бірлескен ғылыми жобаларды ұйымдастырумен айналысады. Мемлекет басшысы мәдени дипломатия Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді. Смитсон институты – әлемнің ең ірі мәдени, білім беру және ғылыми-зерттеу кешендерінің бірі. Оның құрамына 21 музей мен галерея, 14 ғылыми және білім беру орталығы, кітапханалар мен ұлттық зообақтар кіреді.

АЛАШ АРЫСЫНА ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған ескерткіштің ашылуына қатысты. Көрнекті қайраткер, Алаштың аяулы перзентінің еңселі ескерткіші Қостанай қаласында бой көтерді.

Салтанатты іс-шара барысында Мәжіліс спикері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

«Төл тарихымызда азаттық үшін аянбай күрескен, ұлттың рухын көтеруге өлшеусіз үлес қосқан тұғырлы тұлғалар аз емес. Соның бірі әрі бірегейі – Міржақып Дулатұлы. Ол қазақтың асқақ арманы мен мұң-мұқтажын терең түсініп, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет етті. Жұрттың сана-сезімін жаңғырту жолында еңбек етіп, жасампаз рухтың жаршысы болды. Адамзатқа ортақ құндылықтарды кеңінен дәріптеп, жастарды өнер-білімге үндеді. Міржақып Дулатұлы әдебиетімізді жаңа деңгейге көтеруге зор еңбек сіңірді. Халқымыздың біртуар перзентінің қайраткерлік қасиеті мен азаматтық ұстанымдары өскелең ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге болары сөзсіз» делінген Президент құттықтауында.

Салтанатты іс-шараға Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Мәжіліс депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен жергілікті жұртшылық қатысты. Қазақстанның халық жазушысы Төлен Әбдік пен М.Дулатұлының жиені Ерлан Сатыбалдиев сөз сөйлеп, Алаш қайраткерінің рухына тағзым етті.

Жалпы Міржақып Дулатұлының 140 жылдығы облыс, республика деңгейінде кең ауқымда аталып өтуде. 20 қыркүйекте Торғай ауылында халықаралық ат марафоны – «Ұлы дала жорығы» аламан бәйгесі басталды. Тұлпарлар Тобыл-Торғай даласын дүбірлетіп, 500 шақырымдық марафонда бақ сынайды. Бұдан бөлек, міржақыптануға арналған ғылыми конференция мен дүлдүл ақындардың басын қосқан республикалық айтыс өтті.

Мәжіліс спикері айтулы іс-шаралар мемлекеттің, ұлтының Алаш арысына берген бағасы, көрсеткен құрметі екенін атап өтті.

«Біз қазір де тарихи, тағдырлы шақта өмір сүріп жатырмыз. Алаш арыстары аңсаған тәуелсіздікке қолымыз жетті. Еңселі ел болдық. Соңғы жылдары Президенттің жүйелі, кешенді реформалары халқымыздың жан-жақты қолдауын тауып отыр. Елдегі оң өзгерістер қоғамның болашаққа деген сенімін нығайтып келеді. Біздің бүгінгі мақсатымыз – Әділетті, Қуатты, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құру. Айналып келгенде, кешегі Алаш арыстарының да, бүгінгі біздің де арман-аңсарымыз – осы» деді Ерлан Қошанов.



ЕТ БАҒАСЫН БАҚЫЛАЙТЫН ТОПТАР ҚҰРЫЛАДЫ

Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиевтің төрағалығымен еліміздің барлық өңірінен 80-нен астам сауда желілерінің өкілдері қатысқан кеңейтілген отырыс өтті. Іс-шараға Қазақстан сауда желілері қауымдастығы, облыс әкімдерінің орынбасарлары, Magnum Cash&Carry, Small&Skif, Anvar, Dina, Dana, Norma, Metro, Toimart, Galmart, INMART, Greenwich және басқа да ірі сауда желілерінің өкілдері қатысты.

Министр Үкімет бекіткен әлеуметтік маңызы бар тауарларға 15% мөлшеріндегі сауда үстемесін сақтау қажеттігін еске салып, заң бұзушылық орын алған жағдайда қатаң іс-шаралар қолданылатынын ескертті. Жыл басынан бері министрліктің аумақтық департаменттері 2562 әкімшілік қаулы қабылдады, оның ішінде 1360-ы – 56,5 млн теңгеден астам сомаға айыппұл, 1202-сі – ескерту. ӘҚБтК-нің 204-4-бабына сәйкес, ӘМАТ-қа сауда үстемесін асырып жібергені үшін 2191 қаулы шығарылды, соның ішінде 1020-сы – 39,6 млн теңгеге айыппұл салынды.

Ет өнімдері нарығында белгіленген сауда үстемесінің сақталуына ерекше назар аударылды. Әлеуметтік маңызы бар сиыр етіне үстеме бағаны асырғаны үшін 45 қаулы рәсімделді, оның 33-і – айыппұл. Сауда министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, ет өнімдерін сауда орындарына жеткізу кезінде үстеме бағаның сақталуын бақылау үшін қосымша мониторинг топтары құрылады.

Сауда және интеграция министрлігінің бастамасымен еліміздегі ірі сауда желілерінде «БерекеFest» акциясы өтеді. Акция аясында жаңа өнімдер, әсіресе халықтың сұранысына ие жаңа піскен көкөністер, жемістер мен сиыр еті сатылады. Сауда желілері қазақстандық өндірушілер үшін арнайы орындар бөліп, өнімдерді нарықтан төмен бағада сатуға мүмкіндік береді. Бұл ішкі өндірісті қолдап қана қоймай, бірінші қажеттіліктегі азық-түлік бағасының тұрақтануына ықпал етеді. Сонымен қатар Ауыл шаруашылығы министрлігі мен жергілікті әкімдіктермен бірлесіп, өңірлерде ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінің саны көбейіп жатыр. Бұл өз кезегінде тұтынушылардың сапалы отандық тауарларға тікелей қол жеткізуіне жағдай жасап, делдалдардың соңғы бағаға ықпалын төмендетеді.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ – КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды. Жалпы отырыста депутаттарға «Жасанды интеллект туралы» заң жобасын ілеспе түзетулерімен екінші оқылымда қарау ұсынылады.

Мәжіліс депутаттары бастама көтерген құжаттар жасанды интеллект технологияларын қолдануға бірыңғай құқықтық негіз құруға бағытталған. Олар тұтынушылардың және дербес деректердің құқығын қорғауды қарастырады, сондай-ақ жасанды интеллектіні қолдануға байланысты құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікті белгілейді. Сонымен қатар депутаттардың талқылауына Қазақстан мен Марокко арасындағы ұстап беру, сотталған адамдарды беру және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімдер енгізілді. Келісімдер екі мемлекеттің құзырлы органдарының экстрадиция, сот үкімдерін орындау және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастығын дамытуға бағытталған.

ҰБТ МАЗМҰНЫ ЖАҢАРАДЫ

Ұлттық бірыңғай тестілеудің мазмұны мен әдістемесі терең жаңғыртылып, ол заманауи әдістеме мен бағалаудың сапасы жоғары халықаралық стандартқа сай жетілдірілмек. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мәлімдеді.

Мемлекет басшысы АҚШ-тағы жұмыс сапары кезінде Educational Testing Service (ETS) компаниясының басшылығымен кездесті. Бұл – 80 жылдық тарихы бар әлемдегі тестология саласындағы ең ірі ұйым.

«Қазіргі таңда біздің ҰБТ-ның сапасын күрт өзгерту, мазмұнын толыққанды қарастыру бағытында осы ең ірі, ең атақты тестология ғылыми орталығымен жұмыс атқарылады. Келесі айда зерттеушілер делегациясы Қазақстанға келеді. Осы жұмысты жүйелі түрде атқарамыз» деді Саясат Нұрбек.

ЖАРТЫ ЖЫЛДА – 213 ЖОЛ АПАТЫ

2025 жылдың алғашқы 6 айында 8,5 млн-ға жуық әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді, оның 7 млн-ы (немесе 84%-ы) көлік саласына қатысты.

Қайта жасалатын заң бұзушылықтардың саны – шамамен 1,5 млн. 85 мыңға жуық адам үш немесе одан да көп осы тектес құқық бұзушылықтарды жасаған. Бұл туралы Бас прокуратура хабарлады.

Жол-көлік оқиғасынан 5,5 мыңнан астам бала зардап шегіп, 135 бала қаза тапқан. Көлікті мас күйінде басқарғаны үшін 11 мыңнан астам адам әкімшілік жауапқа тартылыпты. ІІМ-нің мәліметі бойынша жыл басынан елімізде электрсамокаттардың қатысуымен 213 жол-көлік оқиғасы тіркелді, соның салдарынан 224 адам зардап шекті. 42 жағдайда апатқа самокат жүргізушілерінің өздері кінәлі болған, 52 адам әртүрлі жарақат алды.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ



Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссияның кезекті отырысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен жастардың әлеуметтік бейімделуі, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері қаралды. Сонымен бірге кәмелетке толмағандар мен жастар арасында суицидтің алдын алу шаралары талқыланды.

Комиссия отырысына қала әкімінің орынбасары Есет Байкен, Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов, «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорының төрайымы Ботагөз Сұлтанова, қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев, қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев және қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен сарапшылар қауымдастығы қатысты. Отырыс қорытындысы бойынша балалар мен жасөспірімдердің құқығын қорғау саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейтуге, сондай-ақ халықтың осал топтарын қолдауға бағытталған қосымша шараларды әзірлеу және енгізу бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырмалар берілді. Бұл туралы Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжан баяндап өтті. Қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб осы тұрғыда атқарылған шараларға тоқталып, мүмкіндігі шектеулі балалар мен жастарды әлеуметтендіру аясында басқарма тарапынан жанжақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

– Елордада 38 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі азамат тұрады. Оның ішінде 27 мыңы – ересектер, ал қалғаны – біздің балаларымыз. Жыл басынан бері Мансап орталығына мүмкіндігі шектеулі 535 жас жұмысқа орналасу мақсатында жүгінді. Оның ішінде 185 жұмыссыз жас әлеуметтік қорғау шараларымен қамтылды. Олардың ішінде 7-еуі тұрақты жұмыс орындарына орналасты, 122-сі қоғамдық жұмысқа жіберілді, 2-еуі әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа тұрды, 13 жас «Жастар тәжірибесіне», 1 адам қысқамерзімді курсқа жіберілді, 37-сі «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша оқуын бастады және 3 жас жаңа бизнес-идеяны іске асыру үшін грант иегері атанды, – деді Илья Скуб.

ЖҰМЫСШЫҒА АРНАЛҒАН АЛЛЕЯ

Астаналықтардың демалысын жайлы, уақытын тиімді өткізетін жаңа қоғамдық кеңістік пайдалануға берілді. Сарайшық ауданында Жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Жұмысшы мамандықтар аллеясы» ашылды.



Т.Жүргенов көшесі, 27/1-үйдің жанынан бой көтерген жаңа саябақ қала тұрғындары үшін жайлы демалыс орны ғана емес, ел дамуына жұмысшы мамандықтарының қосқан үлесін айқындайтын кеңістікке айналды. Жаңарған аумақта балалар алаңы, спортпен шұғылдануға арналған құрал-жабдықтар, көлеңкелі бастырмалар мен арт-дуалдар орнатылды. Ашылу рәсімі аясында 300 түп ағаш отырғызылып, арнайы техника көрмесі, фотокөрме және «Еңбек жолы» байқауы жеңімпаздарын марапаттау өтті. Сондай-ақ суретшілер жұмысшы мамандық иелерінің портретін көпшілік алдында салды. Айта кетейік, биыл елордада 170-ке жуық аула мен қоғамдық кеңістіктерді – саябақтар, скверлер мен бульварларды абаттандыру көзделген. Жұмыс барлық ауданды, соның ішінде тұрғын алаптарды да қамтиды.

АҚТЫҚ САЙЫСТА – 10 ОТБАСЫ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында Отбасы күніне арналған «Үздік жас отбасы» байқауының ақтық сайысы өтіп жатыр. І турға 54 отбасы қатысты. Ал ақтық сайысқа іріктелген 10 отбасы шықты.



Бұл жарыста отбасылар өзінің тарихын, салт-дәстүрін, құндылықтарын және жетістіктерін көрсетеді. Сондай-ақ ұлттық киім кию, театр қойылымынан үзінді көрсету, би билеу және ән шырқау сияқты шығармашылық жарыстар да бар. Бұл жарыстың ең қызықты жері – жеңімпаз отбасын марапаттау рәсімі. І орынды жеңіп алған отбасы 700000 теңге сыйақы алса, екінші орынға 500000 теңге, үшінші орынға 300000 теңге беріледі. Ақтық жарысқа қатысқан басқалар 100000 теңге ынталандыру сыйлығын алады. Байқауды ұйымдастырушылар бұл оқиғаның әлеуметтік маңызы зор деп санайды.

«Жас отбасылар – еліміздің болашағы. Ажырасулар көбейген кезеңде мұндай іс-шаралардың маңызы зор. Ең бастысы – отбасы институтын нығайту, отбасы құндылығын кеңірек насихаттау. Мұндай жобалар отбасыларды қоғамдық істерге жұмылдырады: біз бірге ағашektік, кулинарлық курс жүргізіп, спорт сайысын өткіздік. Мұндай іс-шаралар оларды өзара жақындастырып, қоғамда ізгілікті, татулықты нығайтады» дейді байқауды ұйымдастырушы Анар Бетебаева.

Қатысушылар бұл жарыс мейрам ғана емес, бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын алаңға айналғанын айтады.

АСТАНА ҚАЛАСЫ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ҮНДЕУІ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні қарсаңында елордалық Ардагерлер кеңесі барша мекеме басшылары мен кәсіпкерлер, бизнес өкілдері, тәуелсіз Қазақстанның жаңа Астанасының іргетасын қалауға қатысқан, сүйікті қаламыздың дамуы мен өркендеуіне бүкіл өмірін арнаған аға буын ұрпаққа мейірімділік танытуға, ардагерлерді қолдауға шақырады: қызметтер мен тауарларға жеңілдік беру, жеңілдік немесе тегін қызмет көрсету мүмкіндігін қарастыру. Аса қажет ететін тұрмыстық, әлеуметтік, медициналық көмекті де қарастыруға болады. Зейнеткерлердің әрқайсысы назардан тыс қалмағаны аса маңызды. Олардың әрқайсысы – бүгінде халықтың белсенді бөлігі.

Халықаралық қарттар күні – бұл тек аға буын өкілдері үшін ғана емес, әрбір қазақстандық үшін маңызды оқиға. Қыркүйек-қазан айы қамқорлық пен қайырымдылық айлығына айналады. Осы айлық аясында қарт адамдарға қамқорлық пен көмек көрсету перзенттік парыз болар. Бұл бүгінгі таңда ерекше мерекеге айналу керек. Егде жастағы адамдардың мәселелеріне назар аударуға әр отбасының, оқу орындарының, барлық қоғамдық ұйымдар мен кәсіпорындарының мүмкіндігі бар және көңіл бөлінеді деген сеніміміз мол. Сондықтан қалалық Ардагерлер кеңесі атқарушы, өкілді органдарға, жұмыс берушілерге, бизнес құрылымдарының өкілдеріне, еріктілерге, қоғамдық ұйымдарға мереке қарсаңында және мереке күндері аз қамтылған қарт азаматтарға, жалғызбасты зейнеткерлер мен қарт мүгедектерге назар аударайық дейді. Бұл ретте сіздерді оларға материалдық көмек көрсетуге, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуге және қолдаудың басқа түрлерін ұйымдастыруға шақырамыз.

Құрметті қариялар! Сіздерге бақыт, амандық, денсаулық, өмірге деген өшпес қызығушылық, жан тыныштығы, жүректеріңіздің жылуы және жақын адамдарыңыздың сүйіспеншілігін тілейміз. Әр күн тек жарқын және қуанышты күндер әкелсін!

ТАЛДЫКӨЛ ҚАЛАЙ САҚТАЛАДЫ?



«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық шарасы аясында елордалық еріктілер Кіші Талдыкөлді биологиялық әдіспен тазартты.

Көлді өңдеу барысында зертханалық жағдайда бейімделген bacillus штамдары негізінде дайындалған қазақстандық экологиялық қауіпсіз биопрепараттар қолданылды. Жұмысқа еріктілер мен Қорғаныс министрлігінің қызметкерлері атсалысты. Акция «Astana jastary» жастар қозғалысы еріктілерінің қолдауымен өтті. Сонымен қатар су айдынының жағалау аумағы да қоқыстан тазартылды.

«Арғын Строй» ЖШС және «Биомедпрепарат» ғылыми-талдамалық орталығымен бірлесіп, Кіші Талдыкөлді биологиялық тазарту және қалпына келтіру бойынша кезекті экологиялық шара жүзеге асырылып жатыр. Бұл шара – 2025 жылдан бастап басталған су айдындарын биологиялық оңалту жобасының кезең-кезеңімен атқарылатын кешенді жұмыстарының бір бөлігі.

Қазіргі уақытта №5 учаскеде жұмыс жүріп жатыр. Процесс ұзақ әрі биопрепараттарды тұрақты енгізуді, санитарлық шараларды және су сапасына үнемі мониторинг жүргізуді қажет етеді. Акция аясында су экожүйесін қауіпсіз әрі тиімді қалпына келтіруге бағытталған заманауи биотехнологиялар қолданылады. Естеріңізде болса, көктемде көлдің бетінде гүлденген қабық пайда болып, шіру процесі жүріп жатқан еді. Жағдай шынында күрделі болды. Алайда қазіргі қолданылып жатқан технологиялардың нәтижесінде айтарлықтай оң өзгерістерді көруге болады. Бұл – заманауи әдістер мен табиғи шіру процесінің арасындағы «көрінбейтін майдан». Бірақ нәтиже бар: көлдің жағдайы жақсара түсті, – деді Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының бас маманы Рашид Айдар.

Кіші Талдыкөлді тиімді тазарту үшін екі түрлі биопрепарат пайдаланылады: сұйық концентрат және зертханада алдын ала дайындалатын арнайы био-шарлар. Әр қолданар алдында судан сынама алынып, көлдің сол уақыттағы жағдайы талданады.

– Біздің компания екі түрлі биопрепарат әзірледі – сұйық және қатты. Сұйық биопрепарат судың жоғарғы қабатын тазартады, ал қатты түрі – шарлар – салмағының арқасында түбіне шөгіп, тиімді микроағзалар бөледі. Олар органикалық қалдықтарды ыдыратады, ал құрамындағы саз топырағы улы заттарды адсорбциялайды, – деді «Биомедпрепарат» ғылыми-талдамалық орталығы зертханасының меңгерушісі Диана Жүнісова.

Жүргізілген жұмыс туралы экологиялық ерікті Рустам Тұманбаев та пікір білдірді.

– Кіші Талдыкөлді биологиялық тазарту өте тиімді әдіс деп айтады, біз де жақын арада нәтижесін көреміз деп үміттенеміз. Өзім экологпын, сондықтан мұндай шараларға қатысу мен үшін маман ретінде де, қала тұрғыны ретінде де маңызды. Бұл маңайға жиі келеміз, көл біз үшін қымбат, ол – күтімді қажет ететін ерекше табиғи нысан. Астаналықтарды осындай бастамаларға белсенді араласуға шақырамын, – деді ол.

№112 (4856) 23/09/2025 Сейсенбі

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР БІРІЗДЕНДІРІЛЕДІ

Астанада әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтардың саны артып келеді. Бұл туралы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жаңа Жолдауында мәлімдеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа әлеуметтік көмек беру жағын қайта қарауды тапсырды.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Расында, өзге өңірлерде тұратын зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар мен әлеуметтік көмек алушылар кейінгі кезде елордаға ағылуда. Олардың басым бөлігі үшін зейнетақы мен жәрдемақы – жалғыз табыс көзі. Сондықтан дәл осы топтағы азаматтардың ел астанасына тоқтаусыз көшіп жатқаны жасырын емес. Бұл ретте Президент соңғы 3 жылдың өзінде бас шаһар тұрғындарының саны 250 мыңнан астам адамға, соның ішінде былтыр 100 мың тұрғынға көбейгенін, биылғы өсім онсыз да жоғары саналатын осы көрсеткіштен асып түсуі мүмкін екеніне тоқталды.

Бүгінгі таңда елордада 260 мыңға жуық адам атаулы әлеуметтік көмек алады. Әлеуметтік қолдауға арналған шығындар да бюджет кірісінен жылдамырақ өсіп жатыр. Ал әлеуметтік міндеттемелердің үлесі тым артып барады.

«Жұрт өңірлерден ел астанасына тоқтаусыз көшіп жатыр. Әкімдік қаланың қарқынды дамуына жағдай жасаудың орнына әлеуметтік шығындарға қыруар қаржы жұмсауға мәжбүр. Оның қала бюджетіндегі үлесі қазірдің өзінде 60 пайызға жеткен. Бұл ахуалды түзеу үшін түбегейлі шаралар қабылдау қажет. Жұрттың өңірлерден ел астанасына не себепті тоқтаусыз көшіп жатқанына мұқият талдау жүргізіп, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан тартымды басқа да орталықтар құруға арналған кешенді шаралар қабылдау керек» деді Мемлекет басшысы.



Еліміздегі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова Үкімет отырысында Астанадағы көпбалалы отбасылар басқа аймақтармен салыстырғанда 10 есе көп жәрдемақы алатынын тілге тиек еткен болатын. Нақты мысал да келтірді.

«Мәселен, Астанада алты балалы көп отбасы тоқсанына 2,7 миллион теңге, ал басқа аймақтардағы отбасылар 273 мың теңге жәрдемақы алады. Сондықтан әлеуметтік әділдік принципі болу үшін әлеуметтік көмекті барлық аймаққа бірдей беру жағы қарастырылады» деді министр.

Айтуынша, мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелері қысқармайды. Аталған өзгерістер зейнетақыға, мүгедектік бойынша, асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақыға және республикалық бюджеттен төленетін басқа да төлемдер сияқты мемлекеттік кепілдіктерге еш әсер етпейді. Тек жергілікті деңгейде көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың атаулылығы мен ашықтығы күшейтіледі.

Атаулы әлеуметтік көмектің негізгі мақсаты ақшалай төлем түрінде қолдауды жүзеге асыру және отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту арқылы отбасын қиын өмірлік жағдайдан шығару екенін ескерсек, 2025 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 39,2 мың отбасындағы 210,1 мың адамға 5,3 млрд теңге сомасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған. Ал 1 тамыздағы жағдай бойынша атаулы әлеуметтік көмек 48,3 мың отбасындағы 259,7 мың адамға 18,6 млрд теңге сомасында тағайындалды. Биыл бұл мақсаттарға бюджеттен 110,7 млрд теңге қарастырылған.

«Мемлекеттің көз алдындағыдан басқаны көрмей, бәріне көне беретін әлеуметтік саясаты жүзден астам түрлі жеңілдіктің пайда болуына әкеп соқтырды. Осы жеңілдіктерді әперемін деп «көмек қолын» созатын жылпостар да көбейді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сәйкес, 2025 жылы әлеуметтік қолдаумен 200 мыңнан астам адам қамтылады. Оның ішінде: 35706 – көпбалалы отбасылар; 7510 – «Алтын алқа», «Күміс алқа» иеленген көпбалалы аналар; 7346 – әлеуметтік аз қамтылған азаматтар; 127029 – жасына және еңбек өтіліне байланысты зейнеткерлер; 38009 – мүмкіндігі шектеулі жандар және 11422 ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар бар.

Бас қалада қазіргі күні 127029 зейнеткер, 38009 мүмкіндігі шектеулі азамат тіркелген, олардың 10869-ы – балалар. Бүгінде бұл бағытта әлеуметтік қолдау шараларын кеңейту, материалдық-техникалық базаны нығайту, жаңа әлеуметтік нысандар салу, жұмыс орындарын құру және азаматтарды жұмыспен қамту бағытында ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылуда. Бірақ әлеуметтік жеңілдіктерді қолдан көбейтіп, елді дамытуға, яғни мектеп, аурухана, көлік инфрақұрылымдарын және басқа да нысандар салуға жұмсалуы қажет қыруар қаражатты желге шашып жатқан жоқпыз ба?

Әлеуметтік жеңілдіктерді алу үшін әртүрлі әрекетке барып жүргендер кездесуде. Тіпті іс жүзінде бір шаңырақ астында сүттей ұйып тұрып жатса да қағаз бойынша ажырасып, толық емес отбасы деген жалған атты иеленгендердің барын естігенде, төбе шашымыздың тік тұрғаны анық. Салдарынан ажырасқан отбасылар саны күрт өсіп, әлеуметтік жеңілдіктерді пайдаланушылар қатарын қолдан көбейтіп алдық. Жас жұбайлар арасында неке бұзушылардың көбеюінде әлеуметтік астар барын зерттеуші-ғалымдар айтып та, жазып та жүр.

Мемлекет басшысы «Жүргенге жөргем ілінеді» деген қағидатты енгізіп, өңірлердің әлеуметтік міндеттемелерін қаржыландыру мәселесін қайта қараумен бірге, аймақтардағы әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға бөлінетін әлеуметтік төлемдерді біріздендіруді тапсырды. Бұл тұста біз халыққа әлеуметтік көмек береміз деп қоғамда жалқаулық пен масылдыққа жол беріп отырған жоқпыз ба деген заңды сұрақ туындайды. Әрине, әлеуметтік сала айрықша назар аударуды қажет ететіні белгілі. Дегенмен бөлінген төлемдер барынша тиімді жұмсалып, ол шын мәнінде көмекке мұқтаж адамдарға берілсе дұрыс болар еді. Біздің ел әлі күнге дейін бұрынғы Кеңес Одағы аумағындағы және одан тыс басқа да аймақтардағы қақтығыстарға қатысқан азаматтарға арнайы төлемдер жасап, медициналық қызмет көрсетіп келеді.

«Отбасы мүшелерінің барлығы дерлік нысаналы әлеуметтік көмек пен жәрдемақы алса, жұмыс істеудің не қажеті бар? Басқаша айтсақ, әлеуметтік салада оңтайлы шешім қабылдаудың орнына Үкімет кемінде 15 жыл бойы әлеуметтік масылдық пен әлеуметтік алаяқтыққа жол беріп келді. Елдегі демографиялық үрдістерді егжей-тегжейлі зерделеп, ұзақ жылға арналған шешімдер қабылдау айрықша маңызды. Алайда осы салада мәліметтерді тиісті деңгейде есепке алып, талдау жасау жолға қойылмаған. Бұл жағдай еңбек нарығының сұранысын болжау, инфрақұрылымды дамыту жұмысын жоспарлау және басқа да міндеттерді орындау жолында қиындық туғызады» деді Қ.Тоқаев.

Еліміздегі азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру да аса маңызды мәселе. Осыған орай, Amanat партиясы ұсынған «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыру жалғасса, халықтың мойнындағы қарыз азайып қана қоймай, азаматтардың табысы да тұрақталып, әлеуметтік саладағы көп мәселенің түйіні шешілер ме еді...



МӘДЕНИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Amanat партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі «Miras» қоғамдық кеңесінің отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы мен Президенттің Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда мәдениет саласын дамыту жөніндегі берген тапсырмаларының орындалу барысы талқыланды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Жиынды жүргізген аталмыш кеңес төрағасы, белгілі ақын, ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Серікзат Дүйсенғазы Жолдаудан туындаған мақсат-міндеттерге тоқталып, жасанды интеллекттің ел дамуына үлкен ықпал тигізетінімен қатар, одан түрлі қауіп-қатер келетінін атап өтті. Соның ішінде алаяқтар ЖИ-ді пайдаланып, белгілі бір адамның дауысын жасап алып, тақырға отырғызу мүмкіндігі, жасанды интеллект енгізілген соң, кадрдың қысқару ықтималдығы айтылды. Қоғамда орын алып жатқан келеңсіз жағдайлар қозғалып, ұрпақ тәрбиесі мәселесі ортаға салынды.

Астана қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Нұран Хамзин Мемлекет басшысы Бурабайда өткен Ұлттық құрылтай отырысында берген тапсырмаларының елордада орындалу барысы туралы баяндады. Оның айтуынша, қалалық басқарма 2024-2026 жылдарға арналған мәдениет саласын дамыту жөніндегі жоспарды әзірледі. Аталмыш құжатты қала әкімі Жеңіс Қасымбек бекітті. Соның ішінде елорда мәдениетін дамытудың негізгі бағыттарының бірі – театр саласы.

Бүгінде бас қалада 10 театр болса, соның 3-еуі – республикалық, 7-еуі – қалалық. Кешенді жоспарға қала әкімдігіне қарасты театрлардың инфрақұрылымын дамыту кірді. Атап айтқанда, өзекті мәселелердің қатарында Қуыршақ театрына арналған ғимаратты салу, «Жастар» театрына 2026 жылы күрделі жөндеу жүргізу қамтылған. Сонымен қатар театрлардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға және репертуарын жаңартуға ерекше көңіл бөлінді. Қазір театрлардың көрермендері өткен жылдармен салыстырғанда едәуір көбейген. Мәселен, 2023 жылы көрермендер саны 300178 адам болса, былтыр 30 пайызға өсіп, 425 мың адамнан асты. Ал осы жылдың 8 айында қала театрларына 231220 көрермен келді.

Соңғы жылдары қала кітапханаларын көбейту жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұрын Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 18 кітапхана болса, бүгінде олардың саны 22-ге жетті. Соның ішінде сол жағалауда бірнеше кітапхана ашылды. Алдында мұнда Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты Ұлттық академиялық кітапханадан басқа кітап ордалары болмаған еді. Алда елордада кітапханалар саны тағы көбеймек.

Елорданың кейбір тұрғын алаптарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ашылды. Осындай нысандар тағы ашылмақ. Осыған орай, кеңес мүшесі Мұхтар Еркетаев бұл кешендерде кітапханаларды ашуды ұсынды.

«Атамекен: Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешені биыл жұмыс істеген жоқ. Жанжағы қоршалған нысанның болашағы аспанда ілініп тұр. Нұран Хамзиннің айтуынша, кешен апатты жағдайда болғандықтан жабылды. Бірақ орнына не салынатыны әлі шешілмеді. Отырыста кешен өте тартымды жерде орналасқаны, «Атамекен» мәдени нысаны ақыры сүрілетін болса, сол орын қала мәдениетіне қызмет ету керектігі айтылды. Осы орайда сол жерде Қуыршақ театрына немесе «Наз» би театрына ғимарат салу, жалпы мәдени кешен құрылысын жүргізу ұсынылды. Қаладағы мәдениет саласының басқа да өзекті мәселелері талқыланды.

ЖАСАНДЫ ЗЕРДЕ – ЖАҢА ДӘУІРДІҢ КІЛТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауы Қазақстанның жаңа дәуірге бет бұрғанын айқын көрсетті. Президент еліміздің үш жылдың ішінде толыққанды цифрлық мемлекетке айналуы керектігін айтып, бұл жолдағы басты тетік жасанды сана (жасанды интеллект) екенін ерекше атап өтті.

Жоғары оқу орнының оқытушысы ретінде бұл бастаманы зор қуанышпен қабылдаймын. Өйткені әлемнің дамыған елдері бүгінде жасанды сананы білім беру, медицина, өндіріс, мемлекеттік басқару сияқты барлық салада кеңінен қолданып жатыр. Қазақстан да осы үрдістен шет қалмай, өз әлеуетін дер кезінде іске қосуы – уақыт талабы. Президенттің арнайы Цифрлық кодекс қабылдау, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру жөніндегі тапсырмалары осы бағыттағы жүйелі жұмыстың бастамасы болмақ. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ халқы бірінші рет ғылым-техника төңкерісінен, өнеркәсіптік дамудан кенже қалды. Кейінгі кезеңде де интернет дәуірінің шаңын қауып қалдық десек қателеспейміз. Сондықтан жасанды сана дәуірінде дәл сол қателікті қайталауға болмайды. Президенттің батыл бастамасы – бізге осы олқылықтың орнын толтыруға берілген тарихи мүмкіндік.

Біздің университет қабырғасында да студенттерді жаңа технологияларды игеруге, алгоритмдік ойлауды дамытуға, деректерді талдай білуге үйретудің маңызы артып келеді. Жасанды сананы тиімді меңгерген жас болашақта бәсекеге қабілетті маман ғана емес, елдің стратегиялық дамуына үлес қосатын тұлғаға айналады. Бұл ретте ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Біз білім беру бағдарламаларын жаңартып, цифрлық сауаттылықты арттыруға бар күшімізді салуымыз қажет.

Президенттің «Қазақстан үш жылдың ішінде жаппай цифрлық ел болуы тиіс» деген сөзі – тек ұран емес, нақты мақсат. Бұл – барша қоғамды жаңа өркениет деңгейіне көтерудің бағдарламасы. Әсіресе, жастар үшін жасанды сананы игеру – тек мамандық емес, болашақтағы табыстың, әлемдік бәсекеде алға шығудың басты кепілі.

Қорытындылай айтқанда, Жолдау – еліміздің даму жолындағы үлкен бетбұрыс. Жасанды санаға басымдық беру – Қазақстанды жаңа дәуірдің көшбасшысына айналдыратын тарихи шешім. Біз, ұстаздар қауымы, осы бастамаларды қолдап қана қоймай, жастарға білім мен тәрбие беруде жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, олардың болашағын жарқын етуге бар күшімізді саламыз.

Гүлназ ТӨКЕНҚЫЗЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

№112 (4856) 23/09/2025 Сейсенбі

Дүниежүзілік тазалық күніне орай және «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық айлығы аясында өткен ауқымды жалпықалалық сенбілікке 100 мыңнан астам қала тұрғыны қатысты. Олардың арасында еңбек ұжымдары, мемлекеттік органдар қызметкерлері, бизнес өкілдері, спорт және мәдениет қайраткерлері, қоғам белсенділері, мәслихат депутаттары және өзге де ұйымдар бар.

ТАЗАЛЫҚ пен ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІ



Экологиялық сенбілік барысында іс-шараға қатысушылар шамамен 2 мың тонна қоқыс жинады, 12 мыңға жуық аула тазартылып, 162 парк пен гүлзар, 41 тарихи-мәдени мұра нысаны ретке келтірілді, 3 мыңға жуық ағаш пен бұта отырғызылды. Сондай-ақ қалада нөсер және арық желілері жуылып, аулалар абаттандырылды, балаларға арналған ойын және спорт алаңдары орнатылып, қоғамдық орындардағы тас төсеніштер, жиектас пен шағын сәулеттік нысандар қалпына келтірілді. Қысқасы, маусымдық агротехникалық жұмыстар: жасыл желектерді күтіп-баптау және отырғызу, сауда нысандарының маңын тазалау, рұқсатсыз қоқыс үйінділерін жою және тағы басқа шаралар қолға алынды.

«ЖЕРҰЙЫҚ» САЯБАҒЫН ТАЗАЛАДЫ

Экологиялық айлық аясында ұйымдастырылған кең ауқымды сенбілікке Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің шамамен 400 студенті қатысып, «Жерұйық» саябағын қоқыстан тазартты.

Алматы ауданындағы акцияның үйлестірушісі Әйгерім Жұматаеваның айтуынша, мұндай бастамалар тек тазалықты сақтауға ғана емес, жастардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға да ықпал етеді.

– Бүгін студенттер, тұрғындар және коммуналдық қызмет өкілдері бір мақсатта қаланы таза әрі көрікті ету үшін бірігіп жалпықалалық сенбілікке шықты. Бұл жай ғана айналаны тазарту емес, экологиялық мәдениетті тәрбиелеу қадамы, – деді Ә.Жұматаева.

Сенбілікке саябақтың қасында тұратын тұрғындар, тіпті демалыс күні осы маңнан кездейсоқ өтіп бара жатқан адамдар да елордада тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді үлес қосып, отбасыларымен және ұжымдарымен бірге қаланы тазалауға шықты. Бұл тұрғындардың өз ауданына деген жанашырлығын көрсетсе керек.

– Жастардың осындай шараларға белсенді араласқанын көргенде, қаламыздың расында жасыл әрі таза болатынына сеніміміз арта түседі. Университет жанында ұйымдастырылған бұл акция – бас қаладағы басқа жастарға үлгі болатын жақсы іс-шара, – деді аудан тұрғыны Сейітжан Нұртазин.

ТҰРҒЫН АЛАПТА АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы аясында елорданың барлық ауданында жалпықалалық сенбілік өтті. Есіл ауданының Пригородный тұрғын алабында акцияға қатысушылар 700-ден астам ағаш көшетін отырғызды.

Тұрғын алапта отырғызылған ағаштардың арасында жүздеген қарағаш, тал, терек, мамыргүл және емен көшеттері бар. Есіл ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағанындай, бұл ағаштар ауданның сәнін келтіріп, тұрғындарға таза ауа, көлеңке және жайлылық сыйлайды.

Аудан аумағында ұйымдастырылған іс-шараға жергілікті тұрғындармен бірге шағын және орта бизнес өкілдері, пәтер иелері кооперативтері, мүлік иелері бірлестіктері, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет және білім беру саласының қызметкерлері, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйым өкілдері, спортшылар, мұғалімдер қатысты. Олар Есіл ауданын таза, жасыл әрі көрікті етуге атсалысты.

КҮЗГІ КӨГАЛДАНДЫРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Тұран даңғылының бойында орналасқан «Ана мен бала орталығы», «Кардиология орталығы», «Республикалық диагностика орталығы» сынды айтулы емдеу мекемелері, аудан әкімдігінің қызметкерлері, мектеп ұжымдары «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған жалпықалалық сенбілікке қатысты.

Нұра ауданы әкімінің орынбасары Әлия Әбсеметова іс-шараның басты мақсаты – қаланың экологиялық жағдайын жақсарту, жасыл желектер санын арттыру және тұрғындарды табиғатқа ұқыпты қарау екенін ескере келе, аталған күзгі көгалдандыру жұмыстары маусым соңына дейін белсенді жалғасатынын жеткізді.

– Бұл – Нұра ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен жасалып жатқан шара. Бүгін қатарынан екінші апта ағаш егіп жатырмыз. Науқан алдағы апталарда да жалғасады. Жалпы акция аясында ауданымызда 4500 түп ағаш отырғызу жоспарымызда бар. Бұлардың барлығы Астананың климатына бейімделген, 8-9 жылдық көшеттер болады. Жас көшеттерге қарағанда қатарға қосылуы жақсы болғандықтан әдейі таңдап алып отырмыз, – деді Әлия Әбсеметова.

ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ

Сарыарқа ауданындағы Жамбыл көшесі, 8 мекенжайында тұрғындарға арналған жаңа демалыс орны ашылды. Бұрын бос жатқан аумақ енді жаяу жүргіншілер аллеясы мен көгалдандырылған аймаққа айналды.

Іс-шараға аудан әкімдігінің қызметкерлері, мәслихат депутаттары Бауыржан Смайлов пен Алтыншаш Табулдина, ардагерлер және коммуналдық қызмет өкілдері қатысты. Олар аудан тұрғындарымен бірге акция аясында 350-ден астам ағаш (жөке, қарағаш, мамыргүл, бадам және т.б.) отырғызды. Аудан әкімі Жанасыл Шаукентаев бұл іс-шараның «Таза Қазақстан» акциясы аясында өткізілгенін атап өтті. Айтуынша, жаңа кеңістік К.Күмісбеков көшесіндегі бұрын 800 ағаш отырғызылған қоғамдық аймақтың жалғасы болмақ әрі жаңа демалыс орны қала экологиясын жақсартып, жастарға үлгі болады.

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы аясында жалпықалалық сенбілікке қатысушылар тек қоқыс жинап қана қоймай, қаланың әр аумағында ағаш отырғызды.

Тәшенев көшесі бойындағы экологиялық іс-шараға 160 адам қатысты. Олардың арасында елордадағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ардагерлері, Байқоңыр ауданы әкімі аппаратының қызметкерлері, ауданның белсенді тұрғындары, Esil University мен «Тұран» колледжінің студенттері болды. Сенбілікке қатысушылар шамамен 100 ағаш отырғызды, студенттер болса гүлзарды қоқыстан тазартып, жиналған жапырақтарды шығарып отырды.

Esil University студенті Әли Қайролла тазалық акциясына қаланың тазалығы мен экологиясы маңызды екенін көрсету үшін келгенін, енді, міне, аумақты тазалап, ұзақ жылдар бойы қалаға қызмет ететін және таза ауа бөлетін ағаштар отырғызылғанын айтты.



Биыл «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Байқоңыр ауданында кең ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінген. Жыл басынан бері ауданда шамамен 3000 ағаш, 460-тан астам бұта, 20 500-ден аса сәндік өсімдік, 16 300 көпжылдық гүл, 6000 м²-ден астам біржылдық гүл және 2200 метрге жуық жасыл қоршау отырғызылды.

– Осы көгалдандыру жұмысы аясындағы ірі жобалардың бірі – Ташенев көшесі бойындағы сквер. Бұрын мұнда бос аумақ болса, бүгінде қылқан жапырақты ағаштар, қарағайлар, қайыңдар және өзге де көшеттер өсіп тұрған жасыл аймақ пайда болды. Көктемде мұнда 500-ден астам ағаш отырғызылды, өткен аптада тағы 50-ге жуық ағаш, ал бүгін қосымша шамамен 100 ағаш егілді, – деді аудан әкімі Талғат Рахманберді.

ӨНЕР АДАМДАРЫ АТСАЛЫСТЫ

Астана қаласының Мәдениет басқармасы және оған қарасты мекемелердің қызметкерлері ауқымды экологиялық акция аясында Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония аумағын тазалау жұмысына шықты.

– Бүгінгі жалпықалалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында Мәдениет басқармасы қарамағындағы 14 ұйымымен бірге сенбілік өткізді. Қала тазалығына 2300-ден астам адам қатысты, бізді мәдениет қайраткерлері де қолдады. Мұндай шаралар бүгінде елорданың 15-тен астам аумағында ұйымдастырылып жатыр. Алдағы уақытта да осындай игі істерге белсене қатысамыз. Тұрғындарды сенбіліктерге қосылып, тазалықты қолдауға шақырамын. Біз бастаманы бастап кеттік, тұрғындар да бізді қолдайды деп сенеміз, – деді басқарма басшысының орынбасары Әсет Ерназаров.

Экоайлық аясында мәдениет мекемелерінің қызметкерлері жергілікті маңызы бар 43 тарихи-мәдени ескерткішті, республикалық маңызы бар 3 ескерткішті және 58 монументті ретке келтірді.

Сенбілікке Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония ұжымы толық құрамда қатысты.

– Көңіл-күйіміз өте жақсы, өйткені біз қаламыздың тазалығына үлес қосып отырмыз. Бұл – әрбір өнер адамы үшін қуанышты жағдай, әсіресе іс-шара тікелей филармония аумағында өтіп жатқандықтан ерекше әсерлі. Бүгін барлық бөлімдерімізбен бірге шықтық. Біз «Таза Қазақстан» акциясын қолдаймыз және өз үлесімізді қосып отырғанымызға қуаныштымыз, – деді филармонияның солисі Фируза Рахметова.

СПОРТШЫЛАР ДА ҮЛЕС ҚОСТЫ

Бас қаланың барлық ауданында өткен кең ауқымды жалпықалалық сенбілікке елордалық спортшылар да атсалысып, Ғашықтар саябағын күл-қоқыстан тазартты.

Экологиялық акцияға 100-ден астам спортшы, бапкер және спорт мектептерінің ұжымдары қатысты. Олардың арасында ел мақтанышына айналған белгілі спортшылар: бокстан екі дүркін әлем чемпионы Санжар Ташкенбай, ауыр атлетикадан жастар арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері Аңсар Тұрсынбек, Азия чемпионы әрі бірнеше мәрте Қазақстан чемпионы Венера Жақсыбаева (каратэ), Париж Паралимпиадасының күміс жүлдегері Ерғали Шәмей (пара дзюдо), Азия чемпионатының күміс жүлдегері Николь Ценгель (каратэ), сондай-ақ Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит болды.

– Басқарма басшылары, бапкерлер және спортшылар Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «тазалық әр адамнан, әр үйден, әр көшеден және әр қаладан басталуы тиіс». «Таза Қазақстан» бір реттік шара емес, өмір салтымызға айналуы керек. Жалпы, тазалық пен тәртіп жеке әрқайсымыздан басталады. Бірлескен күш-жігерімізбен қаланы абаттандыруға үлес қосып, жастардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін қалыптастырамыз. Мұндай акциялар тұрғындардың басын қосып, елімізді одан әрі таза, жайлы әрі көрікті етеді деп сенемін, – деді Василий Левит.

Танымал спортшылар елодада ұйымдастырылатын түрлі экологиялық шараларға белсене қатысып, өзге тұрғындарды да қаланың тазалығына атсалысуға шақырып жүр.

– Өзім тұратын қалада әрдайым сенбілікке қатысуға тырысамын. Жарыс алдындағы не турнирден кейін уақыт болса да ондай іс-шаралардан қалмаймын. Өйткені сен кім болсаң да, тіпті екі дүркін әлем чемпионы, белгілі спортшы болсаң да, өз әрекетіңмен өзгелерге үлгі көрсетуің керек, – деді Санжар Тәшкенбай.

Биыл елордада 13 қыркүйекте басталған экологиялық айлық 11 қазанға дейін жалғасады.

Дайындаған
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ





№112 (4856) 23/09/2025 Сейсенбі



ОҚИҒАЛЫҚ ТУРИЗМ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Биыл тамызда елордада белгілі американдық поп жұлдыз Дженифер Лопестің де концерті өтті. Сол кезде әлемнің 30 елінен 10 мыңнан астам туристер Қазақ елінің бас қаласына ағылды. Таң қалармысыз, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан, Грузия, Арменияны айтпағанда қонақтар БАӘ, Литва, Еуропа елдерінен және АҚШ-тан келді. Сарапшылардың есептеуінше, бұл концерттен Астана бюджетіне шамамен 6,5 млрд теңге табыс түскен. Мысалы, бір ғана шетелдік қонақ елордада 3 күн болса, оның тұратын жері, ішетін тамағы, таксиге шығыны, дүкеннен сатып алатын заттарына орташа есеппен 230 АҚШ доллары жұмсалады.

Өткен жылы бас қалаға 1,5 млн шетелдік турист келіпті. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырсақ, 14 пайызға артық. Елордаға негізгі туристік ағынды Ресей Федерациясы, Қытай, Германия, Түркия, АҚШ және Оңтүстік Кореядан келетін туристер құрайды. Даму бағыты негізінен іскерлік, оқиғалық, медициналық, гастрономиялық және мәдени-спорттық туризмнен тұрады.

ЖАЗҒЫ МАУСЫМНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ ҚАНДАЙ?

2025 жылдың ақпан айынан бастап елордада «Astana Tourism» туризмді дамыту орталығы жұмыс істеуге кірісті. Оның негізгі міндеті – елордамыздың өңірдегі ең ірі іскерлік және оқиғалық туризм хабы ретінде бақ-беделін нығайту, туристерге қолайлы қалалық орта қалыптастыру және Астананың халықаралық деңгейдегі тартымдылығын арттыру. Бұл жерде оқиғалық туризмнің негізгі нысанасының бірі – Comic Con Astana. Биыл оған 120 мыңнан астам қонақ келеді, соның ішінде 15 мыңы – шетелдік қонақтар. Биыл жазда бас қалада Крэйг Дэвид пен Дженнифер Лопес сияқты әлемдік эстрада жұлдыздарының концерті өтті. Бұл оқиғалар астананың жазғы мәдени-бұқаралық маусымының негізгі тақырыбы болғаны анық. Сондай-ақ жұрт асыға күткен оқиғаның бірі – Backstreet Boys тобының концерті, оған билет 14 шілдеде сатылымға шығарылды. Концерт Алматы және Астана қаласында өтті. Мұндай іс-шаралар қаланың жағымды имиджін қалыптастырып қана қоймай, мультипликативтік нәтижесін береді. Яғни, әрбір салынған инвестициялық бірлік бес есеге дейін пайда әкеледі.

> 21 қыркүйекте «Астана Арена» стадионында әлемге әйгілі Backstreet Boys тобының концерті өтті. Концертке Германия, Франция, Түркия, Литва, Грекия, Ресей, Өзбекстан және тағы басқа 45 елден 12 мыңнан астам шетелдік туристер келді. Әлемдік музыка тарихындағы ең табысты поп-топтардың бірі болып саналатын Backstreet Boys 130 миллионнан астам альбом сатты. Астанадағы концерт олардың әлемдік турнесінің бір бөлігі ғана.

ТУРИЗМ ЭКОНОМИКАҒА СЕРПІН БЕРУІ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризмнің экономикаға жаңаша серпін беру қажеттігін үнемі айтып жүр. Президенттің пайымдауынша, бұл бағытта біз артта қалып барамыз, жұмыс мардымсыз жүріп жатыр. «Еліміздің әр аймағында көрікті жерлер бар. Шетелден және ел ішінен келген туристер біздің қайталанбас қорықтарымызды аралап көргісі келеді. Бірақ белсенді және ауқымды туризмді дамыту үшін жағдайымыз жеткілікті емес. Сондықтан жеке инвесторларды да тарта отырып, қажетті инфрақұрылым салу жұмысын дереу бастау қажет. Туризм саласының инвестициялық әлеуетін күшейтуге арналған кез келген бастамаға қарсы шығатын адамдардың жетегінде кетпеу керек. Маңғыстауда әйгілі Бозжыраға байланысты сондай жағдай болғанын білесіздер» деді ел Президенті жыл басында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Үкімет пен жергілікті мекеме өкілдері іскерлік ахуалды жақсарту үшін неғұрлым батыл іс-шаралар қабылдауға тиістігін айтқаны мәлім.

БИЫЛ 1,7 МЛН ТУРИСТ КЕЛЕДІ

Қазақстанның елордасы туристік әлеуетін арттыра отырып, өңірдегі ірі мәдени орталықтардың біріне айналады. «Astana Tourism» туризмді дамыту орталығының басшысы Артём Квашуктың пікірі осындай. «Әлемдік артистердің, ұйымдастырушылар мен туристердің Астанаға деген қызығушылығын байқап отырмыз. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Астана 1,5 млн-нан астам туристі қабылдады, оның 340 мыңы шетелдік қонақтар болды. Биыл бұл көрсеткіш одан да жоғары болады деп күтіп отырмыз, яғни шамамен 1,7 млн адам. Биыл бірінші тоқсанда қаланы 300 мыңнан астам адам аралады, оның ішінде 68 мыңы – шетелдік туристер» деді Артём Квашук орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында. Оның айтуынша, елорда тек саяси және іскерлік іс-шаралар ғана емес, ауқымды мәдени оқиғалар алаңына айналды. «Мысалы, Backstreet Boys тобының концерті сияқты ауқымды іс-шара төлем қабілеті жоғары туристерді тартады. Сонымен қатар қала экономикасын ынталандырып, халықаралық аренадағы беделін арттырады» деді ол.

Сондай-ақ туристік орталық басшысының айтуынша, елорда инфрақұрылымы туристерді қабылдауға дайын. «Қала инфрақұрылымы жақсы дамыған және қонақтарды қабылдауға толық дайын. Астанада 299 қонақүй жұмыс істеп тұр, оның 9-ы бес жұлдызды, сондай-ақ 3-4 жұлдызды 100-ге жуық қонақүй бар» деп түсіндірді құзырлы мекеме басшысы.

Бұдан бөлек, елордада өтетін іскерлік іс-шаралардың саны артып отыр. Жыл сайын Астана қаласының оқиғалар қаласы ретіндегі мәртебесі нығайып келеді. Мысалы, былтыр 128 іс-шаралар өтсе, биыл 201 іс-шара жоспарланған. «Астана Концерт» компаниясының продюсері Мәлік Хасенов Backstreet Boys тобының әлемдік турымен салыстырғанда Астанадағы концерт билеттері өте қолжетімді болғанын айтады. «Билеттердің бағасы 40 мың теңгеден басталды. Мұндай топтың концертінен ерекше эмоциялар алуға болады деп ойлаймын. Біз билеттерді алыпсатарлармен, әділетсіз баға қоюмен күресеміз. Бір қолға 4 билеттен ғана сатылды. Яғни толық ашықтықты қамтамасыз еттік» дейді ол.

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Жобаларды сүйемелдеу департаментінің директоры Әлішер Тұрсын бұл концерт MICE-туризмнің аясына кіретінін мәлім етті. «Ал MICE-туризмге салынған әрбір 1 теңге экономикаға 3 теңге болып қайтады. Бұл ғылыммен дәлелденген. Аталған концерт аясында Қазақстанға 40-тан астам елден турист келеді деп болжадық. Бүгінде елордада 300-ге жуық қонақүй бар. Оның 9-ы – бес, 100-ден астамы – төрт немесе үш жұлдызды. Бұл іс-шара өз кезегінде оқиғалық туризмді дамытуға серпін береді» деп түсіндірді ол.

ІСКЕРЛІК ТУРИЗМ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Қазіргі таңда Астана ICCA-мен белсенді түрде ынтымақтастық қарым-қатынастарын жандандыра отырып, ауқымды MICE-іс-шараларды тартып, іскерлік туризмнің халықаралық картасындағы позицияларын нығайта түсуде. Соның бір дәлелі, өткен жылы қалада 40 іскерлік оқиға тіркелді, ал биыл бұл көрсеткіш 80-ге дейін көбеймекші. Өйткені себебі, бұл санатқа кем дегенде жалпы саны 150 мыңнан астам адам қатысатын беделді халықаралық конгрестерді жатқызамыз.

Сонымен қатар, елордамыз медициналық туризмнің де орталығына айналды. Қазіргі уақытта халықаралық JCI-ге тіркелген 9 қазақстандық емхананың жетеуі Астанада орналасқан. 2024 жылы бас қалаға 4500 медициналық турист келіпті, бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда екі есеге көп. Ал 2025 жылы 8000 науқас елордалық емханаларда ем-дом алады деп жоспарланып отыр. Шетелдік науқастардың әрқайсысы орташа есеппен 2-ден 5 мың АҚШ долларына дейін қаражатын төлесе, бюджетке айтарлықтай табыс түсетіні анық. Бұл бағыттағы негізгі мақсат – Astana Health – Point of Central Asia брендін қалыптастыру. Жетекші емханалардың қатарында Green Clinic, UMC, Umit және тағы басқалары бар. Сондай-ақ жалпы құны 500 млрд теңгені құрайтын 19 инвестициялық жобадан тұратын пул да қарқынды дамып келеді.

Қазір елордада 2200-ден астам қоғамдық тамақтандыру мекемесі бар. Оған қоса, биыл танымал әлемдік брендтердің мейрамханалар желісін ашу жоспарға енгізілген. Астана бұл орайда 50 Best Explore рейтингіне бәсекелестік бойынша қатысуға дайындық жасауда. Visit Astana Recommended-ке және Astana Gastro Gallery гастракаталогына ас мәзірін жібереді. Астана қалалық инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі басқармадан алынған мәліметтер бойынша, Жұмысшы мамандықтары жылы аясында «Тау-Кен Алтын», «Қазақстан Парамаунт Инжиниринг», «Қазақстандық авиация индустриясы» және тағы басқа өнеркәсіптік кәсіпорындарға экскурсия ұйымдастырылады. Еліміздің өңірлерінен келген оқушыларға білім беру турларын өткізу де жоспарда бар, олар кампустар мен жатақханаларда тұрады.

Астананың бұл бағыттағы тағы бір қадамы – Қолжетімді туризм қауымдастығына (ENAT) мүшелікке өту. Ол үшін туристік инфрақұрылымдарға аудит жүргізіледі, инклюзивтік бағыттар құрылады, нысандар тіркеуден өтеді. Бұл жұмыстармен қатар цифрландыру да дами береді: Visit Astana-да экскурсияларды онлайн-тәсілмен брондау енгізіледі, Safe Travel-мен интеграция іске асырылады, аудиогидтер мен жасанды интеллект-гидтердің қызметі енгізіледі, туристік бағыттар 2GIS, TripAdvisor және басқа да цифрлық платформаларға қосылады. Қазір Астана халықаралық әуежайында Тахі Point деп аталатын қызмет түрі бар. Бұл – ТМД аумағындағы тұңғыш тәулік бойы жұмыс істейтін такси тапсырыстарының терминалы. Ол әлемнің 7 тілінде қызмет көрсетеді. Бұл қызмет түрін теміржол вокзалдарына, LRT станцияларын және бас қаладағы ірі-ірі сауда-саттық және ойын-сауық орталықтарына енгізу жұмыстары да жоспарда бар. Сондай-ақ туристік ақпараттық дүңгіршектер, қалалық таксидің бірыңғай стилі, қытайлық туристерге арналған бағдар сілтеуші сияқты жобалар да белсенді түрде қолданысқа енгізілуде.

ҚАҚПАҒА ГОЛ ЕМЕС, ҚАЗЫНАҒА ҚОЛ САЛАДЫ

> Мемлекет басшысы Жолдауында: «Футбол клубтарын жекешелендіруге қатысты жұмысты тездету керек. Мұндай қадамсыз Қазақстанда футбол дамымайтынын әлемдік тәжірибеден көріп отырмыз» деді. Расында қазақстандық футбол клубтары қақпаға гол салудан гөрі, қазынаға қол салуды жақсы меңгерген. Ал біз олардың бюджетке таласқандай жасыл алаңда допқа таласқанын қалаймыз. Себебі қазіргі нәтижелері қарын ашырады. Әлемдегі белді доп додасына жолдама алған жалғыз клуб қалғандарына қорған бола алмайды.

2024 жылы Қазақстандағы 13 футбол клубын қаржыландыруға 27,3 млрд теңге жұмсалғанын қыста айтқанмын. Қыруар ақша. Бюджет тапшы боп жатқанда футболға ақша таба қалатын өңір басшыларының шешімін шынымен түсінбейміз. Себебі биыл да аяқдоп аямай асапты.

Мысалы, 2025 жылы Премьер-лигада доп тебетін «Ордабасы» футбол клубына 3,2 миллиард теңге бөлінген. «Ақтөбе» футбол клубына 2,1 миллиард теңге, «Қызыл-Жар» клубына 2 миллиард теңге берілген. Жалпы Премьер-Лигада ойнайтын футбол клубының бәрі бюджеттен ақша алады.

Ал «Астана» футбол клубы «Самұрық-Қазынадан» 2025 жылға 5,3 миллиард теңге алған. Бұл мәлімет-тер, міне, уәкілетті органнан алынды. Мұнша ақшаны аяқдоптың аяғына тастау ақылға сыймайды. Ол ол ма, Бірінші Лигадағы футбол клубтарына да бюджеттен қыруар ақша беріледі, алды жылына 1,2 миллиард теңгеден алған. Жалпы есебін айтсам, 2025 жылы Премьер-Лига футбол клубтарына 24 миллиард теңге, Бірінші Лигадағы футбол клубтарына 7,7 миллиард теңге берілген. Сәйкесінше Қазақстанның қамбасынан 2025 жылы футболға 31 799 143 000 теңге жұмсалды деп ресми айтуға болады.

Міне, футбол клубтарын жекеге берсек кемінде осынша қаражатты үнемдеп оны мұқтаж салаға салуға болады. Оның бірі – спорт саласындағы жаттықтырушылардың жағдайы. 2025 жылы еңбек жолын енді бастаған жаттықтырушы 117 мың теңге алса, жоғары санатты жаттықтырушы 145 115 теңгеге күн көруге мәжбүр. Осылайша бұқаралық спорттың дамуына тікелей әсер ететін мамандар айлығын шайлығына жеткізе алмай пұшайман хәлде жүр. Салдарынан спорт саласындағы жаттықтырушылар жаппай білім саласына кетуде, себебі ол жақта жалақы жоғары. Бұл бір тараптың қаржысына ортақтасу емес, керісінше жалақыға жарымай жүргендерді жоғары айлық алатындармен теңестіруге үндеу.

Ұсыныстар:

1. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздегі барлық футбол клубын жедел арада жекешелендіру қажет;

2. Қазақстандық футбол клубтары бүгінге дейін қанша қаражат алды, оны қайда жұмсады, бәрін толық тексеру керек;

3. Үкіметтің №1193 бұйрығына өзгеріс енгізіп дене шынықтыру-спорт ұйымдарындағы жаттықтырушылардың жалақысын көтеру қажет.

Нартай СӘРСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты

«Еңбегі бардың өнбегі бар» деп түгел сөзін түйіндеген қазақ халқы ұрпағын адал жұмысқа, маңдай терімен нәпақа табуға жастайынан баулиды. Бала ес білгеннен тартып үй жұмысына араласып, ата-анасына қолғанат болады. Қыз – үйдің тірлігіне, ұл – сырттың жұмысына араласып, ерте бастан еңбекке бейімделеді. Бұл өмірлік мектептің алғашқы баспалдағы еді.



БАЛАНЫ ЕҢБЕК ЕСЕЙТЕДІ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Еңбек – тек күнкөрістің ғана емес, адамдық болмыстың да өлшемі. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген халық даналығы ұрпақты жалқаулықтан сақтандырып, маңдай термен келген нанның қадірін ұғынуға шақырады. Бүгінгі таңда да осы өсиеттің мәні жойылған жоқ. Керісінше, заман талабына сай жауапкершілікті, табанды, өмірге икемді ұрпақ тәрбиелеудің басты шартына айналып отыр.

Бала психологиясы нәзік. Ол көргенін бойына сіңіріп, үлгі тұтқанын қайталайды. Егер сәби кезінен «еңбек ету – міндет әрі абырой» екенін ұқса, өскенде жалқаулықтан бойын аулақ ұстайды. Психологтардың пікірінше, балаға еңбек дағдысын ерте үйрету оның жауапкершілігін арттырады, төзімділік пен табандылыққа баулиды. Мәселен, қарапайым ғана үй ішіндегі тапсырмалар – төсек жинау, ыдыс жуу, еден сүрту тәртіп пен ұқыптылықты қалыптастырады. Ал ауладағы жұмыс ағаш отырғызу, гүл егу, малға шөп салу – табиғатқа жанашырлықты, еңбектің жемісін көруді үйретеді. Бірақ қазір мүлде керісінше, әсіресе, қала баласының көбі бүгінгі күні «еңбек» деген ұғымды тек сабақ оқу, компьютермен жұмыс істеу немесе спортпен айналысу деп түсінеді. Сосын да бәріміз қазір еңкейгеннен ерінетін ұл, көк иненің к...ін түртпейтін қыз өсіріп жатырмыз. «Жақсы оқыса болды» деген жалғыз мақсат қойып, сабағын ғана қадағалаймыз. Ал шын мәнінде, білім мен еңбек қатар жүргенде ғана бала жан-жақты дамиды. Оқып алғанымен, еңбекке бейімделмеген жас болашақта жауапкершіліктен қашатын, қиындыққа төзімсіз болып шығуы мүмкін.

Баланың еңбекке бейімделуі, ең алдымен, отбасынан басталады. Әке-шешенің күнделікті тірлікті қалай атқаратыны, бір-біріне деген қарым-қатынасы балаға үлгі. Егер ата-ана еңбекті қадірлеп, маңдай терін сыйласа, ол да соны бойына сіңіреді. Қазақта «Балаңды бес жасқа дейін патшаңдай көр, он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, он бес жасқа келгенде досыңдай сырлас» деген тәмсіл бар. Бұл жерде «құлыңдай жұмсау» – баланы жастайынан еңбекке бейімдеудің қалыптасқан қағидасы. Баланы тәрбиелеу, оны жақсы көру дегеніміз – тек «жаным, күнім» деп алақанға салып әлпештеу емес. Нағыз мейірім – баланы еңбекке баулып, болашаққа бейімдеу. Өйткені еңбек дағдысы сіңген бала ғана ертеңгі күні өмірдің сынағына төтеп беріп, өз нанын адал таба алады. Әкенің батасы мен ананың мейірімінен бөлек, еңбектің тәрбиесін көрген ұрпақ қана жауапкершілікті сезініп өседі. «Шеше көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» деген мақалдың да айтпағы осы.

Екінші тұрғыдан, бала тәрбиесі – мектеп, қоғам және ата-ана сынды үш жақтың ортақ міндеті. Егер осы үштаған бір арнада тоғыспаса, ұрпақ тәрбиесінде олқылық туындайды. Ата-ана – алғашқы ұстаз, мектеп – білім мен тәрбие беретін орталық, ал қоғам – сол тәрбиенің өмірлік тәжірибеде шыңдалатын алаңы. Әсіресе еңбекке баулу мәселесінде осы үш тараптың ықпалы қатар жүруі тиіс. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, қазір ата-аналардың көбі баланы еңбекке тәрбиелеуге жеткілікті мән бермейді. «Балам тек сабақ оқысын, ауыр жұмысқа араласпасын» деген ойдың өзі жас ұрпақты өмірден алыстатып, жауапкершіліктен қашықтатады. Мектеп болса, көбіне білім беруге басымдық беріп, еңбек тәрбиесін қосымша шара ретінде ғана қарастырады. Ал қоғамда еңбек адамының мәртебесі төмендегендіктен, жасөспірімдер жеңіл жолды, оңай табысты көбірек көксейтін болды. Бұл – болашақ үшін қауіпті құбылыс.

Мектеп – тек білім беретін орын емес, баланы өмірге бейімдейтін тәрбие орталығы. Сондықтан еңбекке баулудың бағдарламалық негізін күшейту қажет. Қолөнер үйірмелері, бау-бақша ісі, түрлі шығармашылық шеберханалар арқылы оқушыларды еңбектің әр саласымен таныстыру – бүгінгі күннің талабы. Мұндайда бала өз еңбегінің нәтижесін көреді, еңбектің қадірін түсінеді. Бұрын балалар үйде үй жұмысын істесе, мектепте кезекшілік міндетін өтеп, сыныпты сыпыру, парта орындықтарды, терезені сүрту жұмыстарын, «еңбек сағаты» кезінде аула сыпыру, ағаш егу сынды жұмыстарды істейтін. Ал қазір мүлде керісінше, ата-аналардың өзі баласының мектепте сыпырғы ұстауына, тазалық жұмысына араласуға тіс-тырнағымен қарсы. Мәселен, жақында Астанадағы мәлім бір мектеп балалардан оқудан тараған кезде орындықтарды партаның үстіне көтеріп қойып кетуді талап етсе, бүкіл ата-ана оған қарсы тұрып, «мектептің тазалықшылары не істейді» деп өре түрегелген. Яғни баласын қойып, ата-анасының еңбек жөніндегі көзқарасы дұрыс емес қоғамда баланы еңбекке қалай тәрбиелейміз?!

Еңбек істеп үйренген бала епті, ұқыпты әрі үнемшіл болып өседі. Ол табиғатты аялауды, адамдардың еңбегін құрметтеуді ерте түсінеді. Әрекетке бейімделіп, маңдай терімен жұмыс істеген баланың денесі шымыр, рухы мықты болады. Ал керісінше, күні бойы кітапқа шұқшиып, бос уақытында телефонға телмірген жастардың бойында өмірге деген қызығушылық әлсірейді. Тіршілікке деген сенімі төмендеп, қиындыққа төтеп беруге төзімі жетпей қалуы мүмкін. Білімнің өзі еңбекпен ұштаспаса, өмірлік тәжірибесіз құр теория күйінде қала береді. Сондықтан бүгінгі білім беру жүйесінде «еңбек тәрбиесі» арнайы бағдарлама ретінде қарастырылуы тиіс. Шағын шаруашылық жұмыстарын, қолөнер үйірмелерін, ауылшаруашылық тәжірибелерін мектеп бағдарламасына енгізу – баланың еңбекке икемделуіне жол ашады.

Әлемнің дамыған елдерінде еңбек тәрбиесіне айрықша көңіл бөлінеді. Баланы жасынан еңбекке баулу – олардың өмірге бейім, табанды әрі жауапты болып өсуінің басты шарты деп есептеледі. Жапонияда еңбек тәрбиесі мектептен басталады. Оқушылар арнайы тазалықшыларды күтпей-ақ сынып бөлмесін, дәлізді, тіпті мектеп асханасын өздері жинайды. Мұның мақсаты – еңбектің қадірін түсіну, ұжымдық жауапкершілікті сезіну. Германияда жасөспірімдерге жазғы демалыста түрлі кәсіпорындарда тәжірибеден өтуге мүмкіндік беріледі. Бұл тек табыс табуға емес, болашақ мамандығын таңдауға, еңбек құндылығын ұғынуға жол ашады. АҚШ-та балаларды еңбекке баулу «волонтерлік мәдениет» арқылы жүзеге асады. Жасөспірімдер қоғамдық жұмыстарға қатысып, қайырымдылық шараларында еңбек етеді. Бұл – жауапкершілік пен әлеуметтік белсенділікті арттырудың жолы. Ал Қытайда қыста мектептің қарын күреу, ағаш егу – оқушылардың үнемі істейтін жұмысы. Осы тәжірибелерден байқайтынымыз, шетелде еңбекке баулу – тек тұрмыстық машық емес, тұлғаның азамат болып қалыптасуының негізгі бөлігі.

Жастар үшін үлгі – қоғамда абыройға ие тұлға. Егер қоғам еңбек адамын дәріптемесе, жасөспірімдер де адал еңбекті қадірлей алмайды. Мәселен, диқан, құрылысшы, шебер секілді кәсіп иелерінің қоғамдағы орны төмен бағаланбауы тиіс. Керісінше, олардың еңбегін насихаттау арқылы жас ұрпаққа үлгі көрсету маңызды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың үстіміздегі жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауының бір мәні осында. Бұл – ел дамуының негізгі қозғаушы күші саналатын еңбек адамын бағалау, жастарды адал еңбекке баулу, оларды қарапайым кәсіп иелерін құрметтеуге шақыру жолындағы маңызды қадам.

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫЛАР!!!

«Астана-Өрнек» ЖШС 2025 жылғы 1 қазаннан бастап тұтынушыларға 85 202,69 теңге сомасындағы шығындарды өтеу шарты орындалғанға дейін қолданылатын «Жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) жеткізу» реттеліп көрсетілетін қызметтерінің уақытша (1 жылдық) өтемдік тарифі мен тарифтік сметасы қабылданғанын тұтынушыларға хабарлайды:

Орташа тариф – 9181,18 теңге/Гкал;

Халыққа (І топтағы тұтынушылар) тариф – 3526 теңге/Гкал;

Бюджеттік ұйымдар үшін тариф (ІІ топтағы тұтынушылар) – 9885,11 теңге/Гкал;

Анықтама үшін мына телефондар бойынша хабарласуға болады: 8 (7172) 24-20-18, 8 775 435 18 23

ЕЗ ЕРКЕК ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

Бұл сауал ер-азаматты тұқыртып, алтын басының қадірін білмегеніміз не орнымызды білмегеніміз емес. Арда туған азаматқа кір жаққанымыз емес, алайда жалпы ер болсын, әйел болсын, әрқайсысының өз орнын біліп, табиғи болмысынан ажырамасын деген ұғымнан туған ой екенін еске саламыз.

Айгүл УАЙС

О баста топырақтан жаратылған Адам атамыздың бүгінгі ұрпақтарының ұсақталып бара жатқаны жаңалық емес. Еркекті түздің адамы деп, оның пешенесіне мал табу, бала туғызып, үй салуды таңбалап тастағанын жете түсініп жатқандары аз. Азаматтың үнемі даланың жұмысына алаңдайтыны сондықтан, одан өз орын таппаса алтын шаңырағы да тар көрінеді. Салиқалы әйел болса ер-азаматын тірліктің батпағына езіп, үйінің босағасына байламауға тырысқан. Тіпті, үйден шығып бара жатқан еріне «қайда барасың?», «қалай жетесің?» деп те сұрамаған аналарымыздың үлгісі қай келіннің есінде қалды екен...

Ері осы міндетіне мығым болғанда, отбасы берік, ертеңіне сенімді болады. Еркекке көкезу, тым сөзуар болған жараспайды. Тіпті ызыңдап мазасын алатын әйелінің барлық сұрақтарына жауап берудің қажеті аз. Қайда болдың, кіммен болдың, не істедің деген сұрақтардың жауабын азамат өзі ғана білуі тиіс. Қажет деп санаған нәрсе ғана әйеліне жеткені жөн. Жалпы нәзік жандылардың мүлдем басқа жаратылыс екенін есінде сақтағаны дұрыс. Бір жағынан қарап отырсаңыз, бұл әйелдердің өз пайдасына ғана. Өйткені жұбайының жұмыста немесе басқалармен қарым-қатынаста бастан кешіргені, арасындағы қарым-қатынасы әйелін қатты алаңдатып, кейбір жайттарды өзінше бағауға жеткізіп, қобалжытады, кейде ашуланады. Сол себепті әйелдің өзінің тыныштығы үшін де артық нәрсеге араласа бермегені абзал. Ер адам өмірдің барлық қиындықтарын өз мойнына алып, өз жолына шыдап, оны жеңуі керек. Жаратқан иеміз еркекті сол тұрғыдан жоғары қойды, бұл оның табиғатына тән болуы керек. Әйел шыдамсыздық танытып, осы міндеттерді өз мойнына алып, араласа берсе ақыры қайырлы болмайды. Күйеуінің алдына түсіп, оның шаруасының жартысын өзіне артып алғанның өзінде тез болдырады, ерінен көңілі қалып ерте қартаяды, көңілі суиды.

Әйелін тәрбиелеу күйеуіне байланысты. Мысы бар еркек әйелінің дұрыс екеніне көзі жетіп тұрса да өз ұстанымына берік болғаны жөн. Басқа амалы қалмаса кейінірек ұмыттырып, сол мәселені шешкен күнде де дәл сол заматында «ләббай-құлдық» деп жүгіріп кеткені жараспайды. Ал дана әйелдер ерінің сөзіне көнуі керек екенін, «еркектің өз жолы, өз ұстанымы» барын қабылдайды. Керісінше болған жағдайда, айтқаны болып, мейманасы тасыған әйел күйеуін сыйлаудан қалып, уақыт өте келе «ол еркек емес, ақымақ» деп отағасының киесін кетіреді.

Бақытты отбасы – әйелінің күйеуін жеңуге, тәрбиелеуге, онымен бәсекелесуге ұмтылмайтын отбасы. Ал егер әйелі күйеуін «жеңе» алмаса, отбасы аман қалады. Нәзік жандылардың есте сақтайтын бір нәрсе бар. Яғни, қандай жағдайда күйеуін қорлау, оның кемшіліктерін, уақытша қиындықтарын бетіне басып және отбасылық ішкі өмірі мен қарым-қатынастарын өзгелермен талқылау жақсылыққа апармайды. Егер әйел отбасында билігін жүргізуге ұмтылып, айналасының бәрін бір жұдырықта ұстап, бәріне бұйрық беруге тырысса, азаматының иілмейтін беріктігі бекем болуы керек.

Қазақта беттері ашылған деген сөз бар, сол жаман. Ашу үстінде айтылған сөз, жеген таяқ жүрекке түскен жара сияқты. Ешқашан жазылмайды. Мүмкін ерлі-зайыптылар бірге өмір сүруді жалғастыра береді, бара-бара керісу әдеттеріне айналады. Осылайша екеуара жылулық жоғалып, бақталас жандай арпалысып өтеді.

Бірақ бүгінгі жастарға бұл сөзіміз өтпейтін сияқты. Тіпті әлеуметтік желілерде қазан қайнатқан еркек осы ісіне арланбайды. «Әйелім диванда бетіне маска жағып жатыр» деп мақтанып қоятындары да бар. Ер адам, әрине, тамақ істеуге, ыдыс жууға, кір жууға, бала күтуге болмайды деген заң жоқ, әйелінің уақыты болмай жатса, жаны ашығандықтан қол ұшын берудің айыбы жоқ, бірақ мақтан үшін емес және үйдің «әңгімесін» сыртқа жайғаны да лайықсыз.

Бұл күнде кей отбасын әйелі асырап отырғаны да шындық. Уыстап ақша тауып, жұмыстан шаршап келген әйелдің басқаға әсіресе ақша таппайтын не аз табатын күйеуіне міндеті болады. Алайда ол жолдасын сыйласа, жақсы көрсе, оның тарапынан қолдауға сүйенсе, отбасы берекелі. Егер кімнің ақша тауып, не істеу керектігі туралы әңгіме басталса, бұл жерде өзара жылулық жоқ дегенді білдіреді. Сүйіспеншілік болған кезде міндеттен басқа, құрбандық та бар. Сондықтан, ешкім ер адамды үй шаруасына еркінен тыс жеге алмайды, тек оның өзі қалауы мен қажет болса жақсы. Үрдіс солай деп, жарының ықпалында кетіп өз биігінен түспегені абзал.

Қазір әйел билеген заман деп жатамыз. Сол билікті ерлер уысынан қалай шығарып алды деген сұрақ та мазалайды. Айта берсек, мазаң енелер, қыздың шешесі де оңай жау емес.


Сондықтан әйел де тәрбиелену керек. Егер ол күйеуі өзінің ойлағанындай, айтқанымен жүріп-тұрмаса, оған қой деп отырған ешкім болмаса, өз отбасынан гөрі шешесінің ақылын тыңдаса, ол да апат. Егер келіннің әке-шешесі ажырасып, анасы жалғыз өсірген болса, қызының отбасында



тіпті кішкентай кикілжің болса да, анасы: «Ажырас! Ол саған не үшін керек? Мен сені жалғыз өсірдім, балаларыңды өзіміз өсіреміз» деп айтақтап отырса, ол да қиынның қиыны. Бастары көбеймей тұрғанда құтылып тынған артық. Бұл жаман айтқанымыз, өкінішке қарай, бәріміздің басымыздан өткен, баршамызға тән құбылыс. Әрине, келін жақсы көрегенді отбасынан болса дұрыс. Әдетте балалар ата-анасының мінез-құлқын көшіріп алады. Жастар «басқаша өмір сүремін» десе де, олар үшін ата-анасының өмірі үлгі. Басы қаншалықты алтын болса да әйел күйеуінің кәсіби өсуіне көмектесуі керек. Оның өсуі – бүкіл отбасының өсуі. Біз айтып отырған өмірдің бір ғана сәті, адам бәрі бірдей бола алмайды, адам баласы ортасы мен дәрежесі деңгейіне қарай қалыптасады. Бірақ өзгермейтін жайт –ықылым заманнан бері әйел мен еркектің арасындағы табиғи жаратылысының тепе-теңдігін сақтайтын осы бір нәзік арқау. Арқау үзілмесін.

№112 (4856) 23/09/2025 Сейсенбі





ШӘКӘРІМ ШАМШЫРАҒЫ

Астана қаласы Музыкалық жас көрермен театрының «Шәкәрім» музыкалық драмасының премьерасы үш күн бойы аншлагпен өтті. Белгілі жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермек Аманшаевтың қаламынан туған туындының қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров. Спектакль жұртшылықтың назарына Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының сахнасында ұсынылды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Ұлы Абайдың 180 жылдығына арналған, Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылық мұрасын арқау еткен философиялық туынды аса көрнекті тұлғаның балалықтан даналыққа дейінгі жолын суреттейді. Мұнда ғұмырын халқының санасын оятуға арнаған Шәкәрім - ақиқат іздеуші кемел ойдың иесі, ұлтының рухани ұстазы, әділдікті жақтаушы болып көрінеді. Шындығы да сол.

Авторлардың пікірінше, Шәкәрімді тану арқылы өткенімізге баға беріп, келешегімізге айқын бағдар жасай аламыз. Оның ұлы мұрасы – халқымыздың рухани жаңғыруына жол ашар мәңгілік шамшырақ. Музыкалық драмада Шәкәрімнің ақтаңдақ кезеңдерді бастан өткерген тағдыры, рухани ізденістері, әділет пен махаббатқа деген көзқарасы, сондай-ақ өміріндегі драмалық оқиғалар суреттелген.

Қойылым бірнеше сахналық көріністерден тұрады. Шәкәрім мен оның қоршаған ортасындағы кейіпкерлердің болмысы кеңінен ашылады. Әсіресе, Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрімнің рухани байланысы, Абайдың ағалық қамқорлығы және Шәкәрімнің оның ізін жалғастыру жолындағы азаматтық ұстанымдары ерекше мәнге ие.

Спектакльде көптеген кейіпкерлер қамтылған. Шәкәрім бейнесін қос құрамда «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Аян Өтепберген мен Қазыбек Есқара сомдады. Ал бала Шәкәрімді сахнаға Даниал Нұрлан алып шықты. Қойылымда жас Абай мен ұлы ақынның ұлғайған шағының бейнелері де бар.

Сюжетіне келер болсақ, Шәкәрімді атқан жасақтың басшысы Абзал Қарасартовтан көрнекті ғалым Евней Бөкетовтің сұхбат алуы – қарапайым көрерменге тың дүние. Шәкәрім шығармашылығынан сыр шертетін «Қалқаман-Мамыр» дастанының келтірілуі де қисынды болды.

Шәкәрім де – адам баласы. Қойылымда оның махаббаты да көрініс тапты. Жалпы алғанда осындай үлкен тұлғаның табиғатын ашу – қиынның қиыны. Театр ұжымы соны ашуға барынша тырысты. Спектакль музыкасы да әсерлі шықты. Мәселен, Абай қос перзенті Әбіш пен Мағаштан айырылғанда қасіретті суреттеуге «Мұхида-Шайбан» әні дұрыс таңдалған. Түйіндеп айтқанда, «Шәкірім» драмасы Музыкалық жас көрермен театры бағындарған тағы бір белеске айналды.

ЖЫР ӘЛЕМІНІҢ АЙБОЗЫ

Астанадағы Сәкен Сейфуллин музейінде көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлының туғанына 75 жыл толуына арналған «Жыр әлемінің айбозы» атты еске алу кеші өтті.



Несіпбек Тұрысбекұлы осы музейді 10 жылдан астам, өмірінің соңына дейін дерліктей басқарды. Алғашқы сөзді алған руханият ошағының қазіргі директоры, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов ақынның қазақ поэзиясына қосқан үлкен үлесіне тоқталып, Сәкеннен қалған жәдігерлерді оның атындағы музейге талмай жинағандығын айтты.

«Несіпбек Айтұлы артында қалған шығармаларымен, рухты өлеңдерімен жастарға үлгі-өнеге көрсетті. Қазір Сәкен музейінде ақынның рухы сезіліп тұрады. Ақын ағамыз Тарбағатай аумағында, Шәуешек аймағында, қазақтың кешегі заманда нағыз шайқастары өткен қасиетте жерде туды. Ұлы рух оның бойына туған топырағынан дарыды» деген ғалым Несіпбек Айтұлының елорда мәдениеті мен әдебиетін өркендетуге қосқан еңбегін атап өтті. Мәселен, Астана күніне арналған мүшәйраның негізін қалағанын айтты. Музейдің бүгінгі ұжымы ақынның салған дәстүрлерін жалғастырып отырғанын жеткізді. Кешке арнайы қатысқан ақын жары Манат Жүкенқызы мен отбасына, іс-шара қонақтарына сый-сыйпат жасады.

Ақынның рухани інісі, заңгер, жазушы Белгібай Сахариев Несіпбек Тұрысбекұлының адамгершілік қасиеттері, шығармашылығы, кісілік келбетіне тоқталды. Ақын, ғалым Ақеділ Тойшанұлы бастаған, композиторлар Қайнар Қатбай мен Халық Ризабек ақындар Қабиден Қуанышбай, Мұқият Қойшыбай, Арман Шеризат сынды бір топ шәкірттері ұстаздарының өнердегі, өмірдегі өнегесі жайлы әсерлі әңгімелер айтып, жырдан шашу шашты.

Ақынның балалар әдебиетіне қосқан үлесі де мол. Іс-шара барысында осы туралы айтылды. Несіпбек Айтұлы – ел аузындағы көптеген тамаша әндер өлеңдерінің авторы. Сондай кейбір әндердің шығу тарихы тарқатылып, жиналғандардың назарына ұсынылды.

ҮШ ЖҮЗ БАЛА ЖҮГІРДІ

Екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып жатқан Funny Sport жобасының кезекті бағдарламасы балалар арасындағы жүгіріске арналды. Астананың Орталық саябағында өткен спорттық шарада 4-12 жастағы қатысушылар жас ерекшілігі бойынша 100, 300 және 500 метр қашықтықта жеңімпаздарды анықтады.

«Астана қаласында балалар арасында жүгірістердің көп өтетіндігінен хабардармын. Алайда біздің де өз көздеген мақсатымыз бар. Біріншіден, осындай спорттық жарыс арқылы балалардың салауатты өмір салтын ұстануына қосқан үлесіміз деп білемін. Нәтижелерге қарап-ақ, жас спортшылардың кәсіби бәсекелерге дайын екендігін байқауға болады. Екіншіден, қаладағы жүгірістерге қарағанда біздің бәсекемізге қатысу толықтай тегін. Үшіншіден, әрбір бала жүгіріп қана қоймай, ыстық шай ішіп, сурет салып, батутта ойнай алады. Осының барлығы ата-аналар мен балалардың демалысын жақсы өткізуіне мүмкіндік береді деген сенімдемін» деді жоба авторы Тимур Есимов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, 2024 жыл мен 2025 жылғы Funny Sport жобасындағы сайыстарда біршама ерекшеліктер бар. Себебі ұйымдастырушылар әрбір қатысқан жанға жаңа эмоция беруді көздейді.

Шара барысында жүлдегерлер медаль мен мақтау қағазымен марапатталып, лотерея арқылы түрлі сыйлықтарды жеңіп алды.

КӨЗ ЖАУЫН АЛДЫ КЕМЕЛЕР...

Өткен демалыс күндері Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйытқы болуымен «TWO BRIDGES ENU» атты ашық кememodельдеу сайысы өтті.

Аталған сайыста Астана, Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Қостанай және Батыс Қазақстан сынды еліміздің алты облысынан келген 8 команда қатысты. 10-17 жас аралығындағы 40-тан астам мектеп оқушысы бірегей кеме үлгілерін ұсынып, жүлделі орын үшін бақ сынады.

Ашылу салтанатына ЕҰУ-дың стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Думан Айтмағамбетов, Propilon жобалау бюросының негізін қалаушы әрі басшысы, ЕҰУ түлегі Даниил Логвиненко, Кememodельдеу федерациясының президенті Сергей Оконечников, ARNNA MINERALS компаниясының өкілдері Жанабай Свят пен Жаужүрек Темірлан, сондай-ақ жарысқа қатысушылар, университет қызметкерлері мен оқытушылар қатысты.



«Қазақстан Республикасы Президенті елге техникалық кадрлар қажет екенін үнемі айтып отырады. Болашақ зерттеушілер мен инженерлердің негізі дәл осындай хоббиден жас кезінен қаланады. Зерттеу университеті мәртебесіне ие Еуразия ұлттық университетіне осындай студенттер керек» деді Думан Айтмағамбетов.

Жарыстың Бас демеушісі: Propilon компаниясы, серіктестер – Shaurma Food, Miglior сынды белді компаниялар.

«Осындай шаралардың арқасында балалар қолдарымен жаңа дүниелер жасап үйренеді, интернетке телміріп отырмайды. Бұл жерде ескі технологияларды жаңашыл түрде іске асырып жатқан жас моделистер жиналды. Сондықтан біз жас буынның шығармашылық қызығушылығын қолдауға шешім қабылдадық» деді мағамбетов, Propilon жобалау бюросының негізін қалаушы әрі басшысы, ЕҰУ түлегі Даниил Логвиненко, Кememodельдеу федерациясының президенті Сергей Оконечников, ARNNA MINERALS компаниясының өкілдері Жанабай Свят пен Жаужүрек Темірлан, сондай-ақ жарысқа қатысушылар, университет қызметкерлері мен оқытушылар қатысты.

«Қазақстан Республикасы Президенті елге техникалық кадрлар қажет екенін үнемі айтып отырады. Болашақ зерттеушілер мен инженерлердің негізі дәл осындай хоббиден жас кезінен қаланады. Зерттеу университеті мәртебесіне ие Еуразия ұлттық университетіне осындай студенттер керек» деді Думан Айтмағамбетов.

Жарыстың Бас демеушісі: Propilon компаниясы, серіктестер – Shaurma Food, Miglior сынды белді компаниялар.

«Осындай шаралардың арқасында балалар қолдарымен жаңа дүниелер жасап үйренеді, интернетке телміріп отырмайды. Бұл жерде ескі технологияларды жаңашыл түрде іске асырып жатқан жас моделистер жиналды. Сондықтан біз жас буынның шығармашылық қызығушылығын қолдауға шешім қабылдадық» деді Ал қатысушылардың бірі – Александр Заманов бұл спорт түрімен 5 жылдан астам уақыт бойы айналысып келе жатқанын айтады.

«Кememodельдеумен айналысу өте қызықты. Бұл – менің жаным қалаған іс. Маған жылдам модельдер ұнайды, өйткені олар маған жылдамдық, драйв, адреналин сияқты сезімдер сыйлайды» дейді жас моделист.

Сайыс қорытындысы бойынша бірінші орынды Қарағанды облысының командасы иеленді, екінші орын – Батыс Қазақстан облысына, үшінші орын Қостанай облысына бұйырды. Жеңімпаздар мен 15 өнертапқыш арнайы дипломдармен марапатталды. Ал, F4C 1 номинациясында бірінші орынды Марк Оконечников, екінші орынды Ярослав Золотовский, үшінші орынды Елисей Шангариев иеленді. F2A номинациясында үздік үштікті Абдул Қайырбек бастады, 2-орын Арсений Рангноға берілді, үштікті Елисей Шангариев түйіндеді. Expert номинациясында көшбасшылық Александр Замановқа бұйырды, 2-орын – Елисей Шангариевке, 3-орын Эльдар Атакишиевке берілді. Mini Expert номинациясында бірінші орын – Мадияр Елемесовке, екінші орын – Елисей Шангариевке, үшінші орын Илья Суртаевқа берілді. Сонымен қатар барлық қатысушылар сертификаттар мен сыйлықтарға ие болды.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 112
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС